

## 2010 жылы халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу жөніндегі шаралар туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 425 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 қаңтарда № 9-18-108 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Таран ауданының әкімінің 2011 жылғы 8 желтоқсандағы № 11-02/1717 хатымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы Таран ауданының әкімінің 2011.12.08 № 11-02/1717 хатымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5-бабы 2-тармағына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың мынадай тізімі б е к і т і л с і н :

- 1) та бы сы аз адамдар ;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар ;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар ;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғызділікті, көп ба л а л ы ата - а н а л а р ;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп та н ы л ғ а н адамдар бар азаматтар ;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шы ғ у ғ а е кі жыл қалған) ;
- 7) м ү г е д е к т е р ;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар ;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан бо с а т ы л ғ а н адамдар ;
- 10) о р а л м а н д а р ;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;

14) жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органда тіркелген елу жастан асқан адамдар;

15) ұзақ уақыт (бір жыл және одан астам) жұмыс істемеген азаматтар;

16) кәсіби бастапқы, орта және орта білімнен кейінгі білім беруді бітірушілер.

2. "Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) халықтың нысаналы тобында есепте тұрған жұмыссыздар үшін лауазымды және бос жұмыс орындарына жұмысқа орналасу, кәсіби даярлаудан, біліктілікті артырудан өту құқығын қамтамасыз етсін;

2) халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды жұмыспен қамтылудың ай сайынғы мониторингін жүргізсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Таран ауданының әкімі*

*А. Ахметжанов*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Таран ауданы әкімдігінің  
жұмыспен қамту және әлеуметтік  
бағдарламалар бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы  
\_\_\_\_\_ Л. Өтешева*

*2009.12.24*